

64.71 (5кay)
К. 18

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СІТІ ВЕРХОВНЫЙ СУД РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖОҒАРҒЫ СІТІ



ҚАШЫЯҚ БИ ТЕМІР БИ СІТБЕК БИ



“ОНЕР”
1998











ҚАЗЫБЕК БИ

ТӨЛЕ

КОГДА НАРОД ЕДИНСТВОМ
ПРОЧЕМ
ДУХ БРАТСТВА В КАЖДОМ
РАЗВИТ ОЧЕНЬ.
НЕ СМОЖЕШЬ УПРАВЛЯТЬ ОГНЕМ —
В БЕДЕ СГОРЯТ ЗЕМЛЯ И ДОМ.
СЛАБ И НЕДУЖИТ ТВОЙ
НАРОД
КОЛЬ СУД НЕСПРАВЕДЛИВ
И ЛЖЕТ.

БІРЛІГІ МЫҚТЫ ЕЛ БОЛСА,
БАРЛЫҒЫ БАУЫР БОЛАДЫ.

ӨТКА МЕЛІК БОЛМАСА,
ЖЕРІНДІ ӨРТ ШАПАДЫ.

ӘДІЛ БИЛІК БОЛМАСА,
ХАЛҚЫНДЫ ДЕРТ АЛАДЫ.



БИ ЭЙТЕКЕ БИ

WHEN THE PEOPLE ARE STRONG,
BY UNITY,
BROTHERHOOD AND FRIENDSHIP
IMMORTALIZED.
IF THERE IS NO OWNER OF THE FIRE,
YOUR MOTHERLAND WILL BE
ENVELOPED IN FLAMES.
WHERE THE JUDGE IS UNFAIR
AND UNJUST,
SERIOUS ILLNESS THE PEOPLE
HAVE.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СІТІ



ВЕРХОВНЫЙ СУД РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



АСТАНА
1998







**ЖОҒАРҒЫ
СОТ –
СОТ БИЛГІНІҢ
ШЫҒЫ**

**ВЕРХОВНЫЙ
СУД – ВЕРШИНА
СУДЕБНОЙ
ВЛАСТИ**





МАҚСҮТ СҰЛТАНҰЛЫ НӘРІКБАЕВ

заң ғылымдарының докторы

1974 ж. — Қазақ мемлекеттік университеті заң факультетін бітірді.

1973 ж. — Талдықорған қалалық прокуратурасында сынақтан өтуші, аға тергеуші.

1974-81 жж. — Талдықорған облыстық адвокаттар алқасының мүшесі.

1981-87 жж. — Талдықорған облысы Қаратал аудандық халық сотында судья.

1987-88 жж. — Қазақ ССР-і Әділет министрлігі сот органдары басқармасының аға консультанты.

1988-90 жж. — Қазақ ССР-і Прокуратурасында бөлім прокуроры.

1990-92 жж. — Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі заңдылық пен құқықтық ақпарат басқармасының бастығы.

1992-93 жж. — Қазақстан Республикасы Президенті Аппараты мен Министрлер Кабинетінің құқық қорғау органдары бөлімінде сектор меңгеруші, бөлім меңгеруші.

1993 ж. — Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары.

1993-95 жж. — Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының бірінші орынбасары.

1995-96 жж. — Қазақстан Республикасының Бас прокуроры.

1996 жылдан — Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы.

МАКСУТ СУЛТАНОВИЧ НАРИКБАЕВ

доктор юридических наук

1974 г. — Окончил юридический факультет Казахского государственного университета.

1973 г. — Стажер, старший следователь Талдыкорганской городской прокуратуры.

1974-81 гг. — Член Талдыкорганской областной коллегии адвокатов.

1981-87 гг. — Судья Каратальского районного народного суда Талдыкорганской области.

1987-88 гг. — Старший консультант управления судебных органов Министерства юстиции Казахской ССР.

1988-90 гг. — Прокурор отдела Прокуратуры Казахской ССР.

1990-92 гг. — Начальник управления законодательства и правовой информации Министерства юстиции Республики Казахстан.

1992-93 гг. — Заведующий сектором и заведующий отделом правоохранительных органов Аппарата Президента и Кабинета Министров Республики Казахстан.

1993 г. — Заместитель Генерального прокурора Республики Казахстан.

1993-95 гг. — Первый заместитель Председателя Верховного Суда Республики Казахстан.

1995-96 гг. — Генеральный прокурор Республики Казахстан.

С 1996 г. — Председатель Верховного Суда Республики Казахстан.





ЖОҒАРҒЫ СОТ – СОТ БИЛІГІНІҢ ШЫҒЫ

*Мақсұт НӘРІКБАЕВ,
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы*

Биыл Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының елімізде шаңырақ көтергеніне 75 жыл толып отыр. Әрине, сот тарихын ел тарихынан бөліп қарай алмаймыз. Осы жылдар ішінде республикамыздың сот жүйесі халқымыз бастан кешкен ілгерілеу мен құлдырауды да, қуғын-сүргін мен соғыс зұлматын да, толысу мен тоқырауды да басынан кешірді.

XVIII ғасырда Абылай армандап өткен, XIX ғасырда Кенесарыны мерт еткен, осы ғасыр басында Ә.Бөкейханов межелеп кеткен қазақ қоғамындағы асыл мұраттар күні бүгін ғана жүзеге асып отыр. Ежелден еркіндік аңсаған еліміз тәуелсіздік туын енді көтерді. Қазақстан әлемдік қоғамдастық түгел таныған мемлекетке айналды. Президенттік басқару нысаны біржола қалыптасты. Сонымен бірге республикада сот билігі халық арасында әлеуметтік әділеттіліктің кепіліне айналуда.

Бергі 75 жыл ғана емес, арғы әлденеше ғасырды қамтып жатқан ежелгі қазақ жеріндегі сот тарихы қандай еді?

Қазақ — тамырын тереге жіберген алып бәйтеректей: өзегін ғасырлар тереңінен тартқан, қасиетті ұлы даласынан табан аудармай, бет қаратпайтын небір дауылдармен алысқан, өз бетінше өсіп-өркендеп келе жатқан байырғы халық. Қазақтар — даланы дүр сілкіндірген, өркениет рухын сепкен көне сақтардың, ежелгі ғұндар мен кейінгі түркілердің ұрпағы.

ВЕРХОВНЫЙ СУД – ВЕРШИНА СУДЕБНОЙ ВЛАСТИ

*Мақсұт НАРИКБАЕВ,
Председатель Верховного Суда
Республики Казахстан*

В этом году исполняется 75 лет со дня создания Верховного Суда Республики Казахстан. Конечно же, мы не можем рассматривать историю суда отдельно от истории народа. В течение этих лет судебная система республики подверглась тем же испытаниям, которые выпали на долю нашего народа: пережила взлеты и падения, репрессии и страшную войну, бурное развитие и периоды застоя.

И только сегодня в казахском обществе наступило время реализации тех благородных целей, о которых еще в XVIII веке мечтал Аблай, во имя которых в XIX веке погиб в неравном бою Кенесары, целей, которые в начале нынешнего столетия стали ориентиром для Алихана Букейханова. Издавна жаждавший свободы, наш народ лишь теперь поднял знамя своей независимости. Казахстан стал государством, признанным всем мировым сообществом. Раз и навсегда установлена президентская форма правления. Какова же история правосудия на древней казахской земле — не только в эти последние 75 лет, но и скрытая в глубине веков?

Казахский народ — словно пустивший сильные корни тополь: возмужавший сердцем в глуби веков, смело вступавший в схватку с любыми бурями, ибо опорой ему была великая степь, незаметно окрепший и расцветающий — воистину коренной народ. Казахи — потомки древних саков, воинственных гуннов и их наследников тюрков, сотрясавших степь копытами своей конницы и посеявших в грядущих поколениях свой вольнолюбивый и возвышенный дух.





Біз бүгін өз халқымыздың дүние жүзілік өркениетке барынша үлес қосқанын да орынды мақтан ете аламыз. Қорқыт Ата, Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Иассауи, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыри секілді Шығыс даналары осы даланың перзенттері. Елдік пен бостандық жолындағы күресіміздің ежелгі замандардан халық тағдырында елеулі белес болған — 1986-шы жылғы желтоқсанға дейінгі сан ғасырлық шежіресі бар.

Ата-бабаларымыз шет жұрттық басқыншылармен табанды күрес арқасында өзара бірлік-берекесін сақтап қана қоймай, XV ғасырда қуатты Қазақ хандығын құрды. Бірақ Қазақ мемлекеті бір қалыпты бейбіт өмір сүре алмады, ұлан-байтақ жерімізге ойран салушылар көбейді. Осыдан келіп Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би ұйтқы болған, Қарасай, Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Жәнібек, Олжабай, Райымбек, Есеттер қорған болған алып өлке бәрібір отаршылдықтың табанына түсті.

Бірақ қандай бір қиын кезеңдерді бастан кешірседағы, қазақ халқы сот билігінің туын төмен түсірмеген. Сот билігі — қазақтардың мемлекеттік символы болды. Ұлттық санада да сот билігі халыққа етене жақын тұрған билік саласы болып есептелді. Би, бүгінгі тілмен айтқанда, судья — ел қамқоры, халық жанашыры әрі ақылшысы бола білді. Сөйтіп, XIX ғасырдың бас кезеңіне дейін ірі қылмыскерлері жоқ, қандықол қарақшысы жоқ, түрмесі жоқ Қазақ мемлекеті еркін өмір сүріп келді. Қазақ қоғамына осындай біртұтастықты дарытып, ынтымақ орнатқан ежелгі ережелердің үлгілі нұсқасы, халықтың тәртіп-низамының, салт-дәстүрлерінің жүйелі жиынтығы — атақты “Жеті жарғы” болатын. “Жеті жарғы” — дана бабаларымыздың “Қасым ханның қасқа жолы”, “Есім ханның ескі жолы” деп аталатын мемлекет басқару мен ел билеудің

Сегодня мы горды тем, что наш народ занимает достойное место и внес заметный вклад в общемировое развитие. Выдающиеся мыслители Востока, такие как Коркут-ата, Аль-Фараби, Юсуф Баласагуни, Ходжа Ахмед Ясави, Мухаммед Хайдар Дулати, Кадырғали Джалаири, — сыновья нашей великой степи. Путь борьбы за свободу и независимость с незапамятных времен отмечен в народной судьбе труднейшими перевалами — его многовековая летопись протянулась до декабря 1986 года.

Наши прадеды в смертельных схватках с чужеземными захватчиками сумели не только сохранить единство и согласие, но и создали в XV веке мощное Казахское ханство. Однако строить нормальную мирную жизнь Казахскому государству не удавалось — росло число врагов, стремившихся уничтожить его и подчинить себе необъятные просторы нашей земли. Несмотря на то что к руководству пришли Толе-би, Казыбек-би и Айтеке-би, а на защиту Отечества поднялись знаменитые батыры Карасай, Аблай, Кабанбай, Богенбай, Наурызбай, Есет, Джанибек, Олжабай и Раимбек, огромная территория подверглась колонизации.

И тем не менее, какие бы тяжелые периоды своей истории не переживал казахский народ, он никогда не ронял знамя правосудия. Судебная власть стала у казахов государственным символом. В национальном сознании она считается наиболее близкой к народу ветвью власти. Би, а говоря современным языком, судья всегда воспринимался как людской защитник, ближайший друг и советчик народа. Именно поэтому вплоть до начала XIX века в Казахском государстве не совершалось крупных преступлений и кровавых разбоев, не существовало тюрем, жизнь была открытой и свободной. Такое благотворное влияние, сплотившее казахское общество и установившее всеобщее согласие, оказал знаменитый “Жеті жарғы” (“Семь установлений”) — систематизированный свод





қалыптасқан жосықтарын негізге алып, сахараның сол замандағы тұрмыс-тіршілігін, қоғамдық, әлеуметтік ахуалын ескерген, жан-жақты байыпталған ұлы мұра.

Көшпелілер қоғамында сот билігі кейде хан билігінен де жоғары тұратын. Әрине, хан билігі қазақ еліндегі ең жоғары мемлекеттік билік болып есептелді. Бірақ ол өзінің хандық дәрежесін қамтамасыз етіп, нығайта түсу үшін сот билігімен әрдайым санасып отырды, соған арқа сүйеді. Өйткені біздің кеменгер хандарымыз сол кездердің өзінде-ақ сот билігін жүргізушілердің тәуелсіздігін қамтамасыз етіп, қорғап отырған.

Қазақ даласындағы сот билігінің мұраты — сот процесіне қатысушылардың “жеңуі”, не “жеңілуінде” емес, екі жақтың “жеңілдеп” шығуында еді. Өйткені, оның басты мақсаты — бітім, бітімгершілік болатын. “Дау мұраты — бітім” деген аталы сөз де сол кезден қалған. Елді бірлікке, татулыққа шақырған ұлы билеріміздің даналығы да осында жатыр.

Бірақ Ресей империясының тұсында ежелгі дәстүрлі қазақ әдет-ғұрып құқығы бұл ерекшеліктерінен айрыла бастады. Патшалық Ресей қазақ қоғамындағы осы дәстүрлі заңдарды өз мүддесіне пайдалануға тырысты, қыр өлкесін отарлау саясатына бағындырғысы келді. Оның ішкі қуатын, құндылығын шектеді. Патша әкімшілігі реті келген жерлерде қазақтың әдет-ғұрып құқық нормаларын қазақтардың өздеріне қарсы қолданудан тайынбады. Бағзы заманнан бері қара қылды қақ жарып, билік айтатын билер сотының үстінен Ресей әкімшілігі органдарына шағым беруді ресми түрде бекітті. Билер соты кейіннен халық соты деп аталып, олар әр болыстан сайланды. Бұрын халық бедел-абыройы жоғары, кеменгер билерін ел ішінен өздері сайлап алатын болса, енді билерді Ресейдің губернаторлары бекітетін болды. Мұндағы империялық мақсат — билер сотын Ресей әкімшілігіне бағынышты етіп

старинных норм поведения, народной дисциплины, обычаев и традиций. “Жеті жарғы” — это всестороннее по содержанию величайшее правовое наследие, в основу которого положены установленные нашими мудрыми предками принципы управления народом и государством — так называемые “Ясный путь Касым-хана” и “Дорога, проложенная Есим-ханом”; наследие, в котором учтены жизнь и быт того времени, общественные и социальные отношения, сложившиеся в необъятных степных просторах.

В кочевом обществе судебная власть порою была выше власти правителей. Конечно, ханская власть считалась высшей формой государственной власти на казахской земле. Однако, обеспечив соответствующее положение ханства, для упрочения его она всегда считалась с судебной властью, искала в ней опору. Ведь наши мудрые правители в те времена обеспечивали независимость тех, кто осуществлял правосудие, и брали его под защиту.

Устремленность правосудия в казахской степи не в том, что кто-то из участников процесса “выиграл”, а кто-то “проиграл” — цель суда в том, чтобы “выиграли” обе стороны. Потому что главная его задача — это взаимное соглашение, поиск решения, примиряющего стороны. “Цель тяжбы — соглашение”, — эта поговорка осталась именно с тех времен. Здесь же лежат истоки мудрости наших биев, призывавших народ жить в мире, дружбе и согласии.

В период колонизации Российской империей эти особенности казахского обычного права, восходящие к старинным традициям, стали утрачиваться. Царская Россия, стремясь подчинить колонизаторской политике степные территории, старалась использовать бытовавшие в казахском обществе традиционные законы в собственных интересах, ограничив их внутреннее значение и силу действия. Царская администрация не стеснялась в подходящих случаях применять нормы казахского обычного права против





кою еді. Осыдан келіп халық пен сот арасына сына түсе бастады, олардың халық алдындағы беделі төмендеді. Қоғамдағы саяси билік, оның іске асуы, қалыптасқан құқық нормалары Ресей заңдарымен ығыстырылды. Тек өз мүдделеріне қайшы келмейтін кейбір құқықтық принциптерге ғана бейтараптық танытты.

Ал, Кеңес өкіметі орнаған алғашқы айлардың өзінде, 1917 жылғы желтоқсанның 5-індегі Сот туралы N1 Декреттің нұсқауларына сәйкес “Жергілікті соттар істі Ресей Республикасының атынан шеше” бастады. Осылайша бүкіл елде социалистік заңдылықты нығайтудың біртұтас саясаты белең алды. Түркістанда ескі мемлекеттік мекемелер бірте-бірте жойылды. Орталық Кеңес үкіметінің Декретіне сәйкес аймақта бұрыннан келе жатқан сот мекемелерін, буржуазиялық қалалық думаларды, сондай-ақ бірқатар қаржылық, суландыру, азық-түлік, жерге орналастыру органдарын қысқарту туралы қаулы қабылданды.

Тек 1919 жылғы шілденің 10-ындағы Қырғыз өлкесін басқару жөніндегі Революциялық комитет туралы уақытша ереже ғана Қазақстанда сот құрылысының мәселесін біршама шешкендей болды. Осы аталған Уақытша ереже азамат соғысы кезеңіндегі Ресей сот құрылысының практикасына сәйкес Қазақстанда халық соттарын және революциялық трибуналдар құруды көздеді. Республикадағы революциялық трибуналдардың жалпы ұйымдық және қызметтік принциптері Ресей заңдарымен астасып жатты.

1920 жылғы тамыздың 26-ындағы Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің Декретімен Автономиялық Қырғыз (Қазақ) Социалистік Кеңес республикасының құрылғаны белгілі. Осы Декретпен бірқатар Халық комиссариаттарымен бірге Әділет Халық Комиссариаты да құрылды. Оған

самих же казахов. Утвердилась практика официальных доносов в российские административные органы на суд биев, который издавна вершил в степи правосудие и, как говорят, мог даже волосок разделить поровну. Позже суды биев были переименованы в народные суды, которые избирались в каждой волости. Если раньше мудрых биев выбирал из собственной среды сам народ, учитывая их авторитет и честность, то теперь судей назначали российские губернаторы. Тем самым преследовалась коварная цель подчинения суда биев российской администрации. Так был вбит клин между судебной властью и народом, а ее престиж значительно упал. Политическая власть в обществе, ее значение, установившиеся правовые нормы были вытеснены российскими законами. Признавались лишь некоторые нейтральные правовые принципы, не вступающие в противоречие с интересами империи.

Ну а с первых месяцев установления Советской власти, в соответствии с положениями принятого 5 декабря 1917 года Декрета о судах, судопроизводство в территориальных судах проводилось от имени Российской республики. Таким образом, повсеместно распространилась единая политика укрепления социалистической законности. В Туркестане были постепенно уничтожены старинные государственные институты. В соответствии с Декретом Советского правительства, было принято постановление о ликвидации издавна действовавших в крае судебных учреждений, буржуазных городских дум, а также целого ряда финансовых, мелиоративных, продовольственных и землеустроительных органов.

Только 10 июля 1919 года во Временном положении о Революционном комитете, управляющем Киргизским краем, был более или менее решен вопрос о создании судебной системы в Казахстане. Согласно данному Временному положению и в соответствии с практикой судебного строительства в России в период гражданской войны, в Казахстане





республикадағы сот органдарын ұйымдастыру және оларға басшылық жасау міндеті жүктелді.

1920 жылғы қазанның 4-12-сі аралығында Орынборда Қазақ АССР Кенесінің Құрылтай съезі болып, онда “Қазақ АССР еңбекшілері құқығының Декларациясы қабылданды. Оның бір тарауы Қазақстандағы ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, Ресей тәжірибесінің негізінде халық соттарын ұйымдастыру мәселелеріне арналды.

1921 жылғы сәуірдің 8-індегі “Қазақ АССР-нің халық соттары туралық Орталық Атқару Комитетінің Декреті Қазақстандағы халық соттарын ұйымдастыру кезеңіне нүкте қойды. Бұл құжатты 1920 жылғы қазанның 21-де Ресей соттары туралы шыққан ереженің ұлттық ерекшеліктерге байланысты жұқалап қана өзгертілген нұсқасы деуге болар еді. Ал, ұлттық ерекшеліктер қатарына соттар әйелді зорлап алып қашу, еркінен тыс күйеуге беру, күн төлеу, барымта, қалыңмал, тағы басқа да осы секілді ұлттық салт-дәстүрлерді жатқызды.

1923 жылғы сәуір айында Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің қаулысымен РСФСР Жоғарғы Сотының Қазақ бөлімі құрылды. Қазақ бөлімінің құрылуымен Қазақ республикасындағы халық соты, губерниялық сот және РСФСР Жоғарғы Сотының бөлімінен тұратын үш сатылы сот жүйесін құру аяқталды.

Міне, бүгін 75 жылдығы аталып отырған егемен Қазақстан республикасының Жоғарғы Соты атты биік дәрежеге дейін алып келген ұлы дала соттарының жүріп өткен жолдары, қысқаша айтқанда, осындай.

Сот тарихы да ел тарихының бөлінбес бір бөлшегі. Кеңес дәуірінде ел басына түскен тәркілеу, ашаршылық, сталиндік қуғын-сүргін, Ұлы Отан соғысы, тоталитарлық жүйе, бәрі-бәрі сот билігін айналып өткен жоқ. Бірақ, қандай бір қиын кезең болмасын,

создавались народные суды и революционные трибуналы. Общие организационные и рабочие принципы республиканских революционных трибуналов перекликались с российскими законами.

Известно, что 26 августа 1920 года Декретом Всесоюзного Центрального Исполнительного Комитета была образована Киргизская (Казахская) Автономная Советская Социалистическая республика. Этим Декретом вместе с рядом народных комиссариатов был создан Народный комиссариат юстиции, которому вменялась в обязанность организация судебных органов в республике и руководство ими.

4—12 октября 1920 года в Оренбурге прошел Съезд советов Казахской АССР, на котором была принята Декларация прав трудящихся Казахской АССР. Один из ее разделов посвящен вопросу организации народных судов на основе опыта России с учетом национальных особенностей Казахстана.

Вышедший 8 апреля 1921 года Декрет Центрального Исполнительного Комитета завершил организацию народных судов в Казахстане. Этот законопроект представляет собой, можно сказать, слегка измененный в связи с национальными особенностями оригинал положения о российских судах, вышедшего 21 октября 1920 года. К национальным же особенностям были отнесены рассматриваемые в судах умыкание невесты, выдача замуж против воли, выплата платы за кровопролитие, барымта, калым и некоторые другие народные традиции.

В апреле 1923 года постановлением Всесоюзного Центрального Исполнительного Комитета было создано Казахское отделение Верховного Суда РСФСР. С его открытием в Казахской республике завершилось создание трехступенчатой судебной системы, состоящей из народного суда, губернского и отделения Верховного Суда РСФСР.

Вот такова вкратце история Верховного Суда суверенной Республики Казахстан, отмечающего сегодня свое 75-летие и приумножившего





соттар ұлы билер дәстүріне адалдығын әркез өз істерімен дәлелдеуге тырысты.

Бірақ Кеңес өкіметі кезеңінде құқық қорғау органдарының, сот жүйесінің ондаған жылдар бойы қоғамды билеп-төстеп келген тоталитарлық қызыл саясатшылардың ығынан шыға алмағанын жасырмаймыз. Сот, құқық органдары Коммунистік партия мен Кеңестің ат төбеліндей шонжарларының қолындағы жазалаушы құрал болды. Бұл жерде оған ұзақ-сонар мысалдар келтіру қажет пе? Мұның мысалдары тарихтан жақсы белгілі.

Бүгін біз өткенімізден сабақ алып, болашаққа көз тастаймыз. Қазір тұрақтану кезеңіндеміз. Ең өзекті және маңызды міндеттерімізді шешуде қол жеткізген табыстарымыз жан-жағымызға үңіле зер салуға, өткен жолымызды таразылауға әрі болашаққа батылырақ көз салуға, алдағы дамуымыз туралы ойлауға, жоспарларымызды түзетуге мүмкіндік береді. Егер өткен жолымызға үңілер болсақ, қоғам дамуының күрделі кезеңдерінде бастарын бәйгеге тігіп, тек жоғары мәртебелі заңды ғана басшылыққа алған, соған адал қызмет істеген аяулы әріптес ағаларымыз аз болмаған. Осы арада елімізге белгілі қоғам қайраткері, білікті заңгер, алғашқы Төраға Нығмет Нұрмақовтың республикада сот жүйесін қалыптастырудағы зор жұмысын атап өтпеске болмайды. Оның қисапсыз еңбегі туралы зерттеулер де, жекелеген мақалалар да жарық көрді. Сонымен бірге РСФСР Жоғарғы Соты Қазақ бөлімінде қызмет істеген алғашқы әріптестеріміз — осы кезге дейін есімдері қалың жұртшылыққа әлі жете таныс емес сот төрағалары мен оның орынбасарлары туралы айта кеткенді жөн көріп отырмын. Көптеген сот төрағалары мен судьялар сталиндік репрессияның құрбандары болып кетті. Адам баласының санасын сан соқпаққа бұрып, жан дүниесін

славу правосудия в великой степи.

История суда — неделимая часть народной истории. Выпавшие в советскую эпоху на долю народа беды, голод, сталинские репрессии, Великая Отечественная война, тоталитарный режим — все это не миновало и судебную систему. Однако, какие бы трудности не преследовали их, суды своей деятельностью старались всегда доказать приверженность традициям великих биев.

Не к чему скрывать, что в период Советской власти в правоохранительных органах, в судебной системе, десятилетиями управляемых красными политиками, были и отступления. В руках Коммунистической партии и воротил советов суд и правовые органы нередко служили средством наказания. И разве необходимо приводить здесь длинный перечень примеров?! Они хорошо известны из истории. Кроме того, мы, работавшие на бывшем советском пространстве, и сами об этом прекрасно осведомлены.

Сегодня, извлекая уроки из собственного прошлого, мы с надеждой смотрим в будущее. Ныне мы переживаем эпоху становления. Достигнутые нами успехи в решении главнейших задач дают возможность обратить пристальное внимание на происходящее вокруг, взвесить пройденный путь и смелее взглянуть в будущее, осмыслив предстоящее развитие и откорректировав свои планы. Если всмотреться в прошлое, можно отметить, что среди нас было немало уважаемых старших коллег, которые и в сложнейшие периоды истории развития общества руководствовались лишь высоким авторитетом закона, устремлялись вперед и вершили свой честный и праведный труд. Среди них нельзя не назвать известного общественного деятеля, высокообразованного юриста, первого Председателя Верховного Суда Нигмета Нурмакова, внесшего крупный вклад в формирование и становление судебной системы в республике. Его выдающимся заслугам посвящены увидевшие





жапырып, қалыпқа құйған ХХ ғасырдың бұрқасын өткелдері, саяси жүйенің алдамшы идеологиясы, империялық өкімнің қаншеңгел құрсауы өз танабына тартып-ақ бақты. Сталиндік қуғын-сүргін кезінде оған мойынсұнғысы келмеген қазақтың тамаша абзал азаматтары — Тұрар Рысқұлов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхаметжан Тынышбаев, Мағжан Жұмабаев, Санжар Аспандияров, Ораз Жандосов, тағы басқа да көптеген қоғам және мемлекет қайраткерлері опат болды. Ел басына күн туып, ат ауыздықпен су ішкен, ер етікпен су кешкен аласапыран заманда заңның, тек заңның үстемдік құруы жолында опат болған Нығмет Нұрмаков, Тілеужан Мұқашев, Мырзағұл Атаниязов, Ғұмар Жүнісов, Петр Громов, Қазмұхамед Күлетов, Шаймерден Бектұрғанов, Әбдірахман Құскелдиев, тағы басқалар ерекше қастерлеуге, қадірлеуге лайық жандар. Олар өмірлерін бір мүдде, бір мақсатқа — елімізде заңдылықтың салтанат құруы жолына арнады. Және өздері заңсыздықтың құрбандары болып кетті. Бұлар — “Малым — жанымның садағасы, жаным — арымның садағасың” деген халқымыздың бас бостандығын, рух еркіндігін ерекше қастер тұтқан азаматтар. Республи-камызда жаңа тұрпаттағы заңдылық атты қасиетті шаңырақтың алғашқы уықтарын қадаған бұл ағаларымыз туралы болашақта талай-талай зерттеулер жазылары сөзсіз.

Тарихтың ойлы-қырлы белестерінде халықтың жүрегінде сақталып, жадында қалатын оқиғалар көп кездеседі. Қазақ халқы үшін сондай асулардың бірі — 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы. Желтоқсанның сол ызғарлы күндерінде ұзақ жылдар бойы тұншықтырылып келген әділет үні алғаш рет ашық айтылды, жығыла жаздаған ұлттық намыс туы қайта көтерілді. Әміршіл де

свет отдельные статьи и исследовательские работы. Вместе с ним считаю необходимым упомянуть и работавших в Казахском отделении Верховного Суда РСФСР коллег — председателей суда и их заместителей, имена которых и поныне неизвестны широким массам народа. Большинство председателей и судей стали жертвами сталинских репрессий. Бурные перемены ХХ столетия, лживая идеология новой политической системы, железная хватка имперской власти — все это, перевернувшее сознание человека и всколыхнувшее его душевный мир, обрушилось на его же голову. В годы сталинских гонений погибли выдающиеся сыны казахского народа, не захотевшие склонить голову перед режимом; это Турар Рыскулов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхаметжан Тынышбаев, Мағжан Жұмабаев, Санжар Аспандияров, Ораз Жандосов и многие другие общественные и государственные деятели. В годы смуты во имя закона, на пути установления его господства сложили головы Нығмет Нұрмаков, Тілеужан Мұқашев, Мырзағұл Атаниязов, Ғұмар Жунусов, Петр Громов, Қазмұхамед Күлетов, Шаймерден Бектұрғанов, Абдрахман Қускельдиев и многие другие, заслуживающие особой оценки и почитания. Своей жизни они посвятили одной цели, одной задаче — установлению на нашей земле торжества законности. А сами пали жертвами беззакония. Как говорят в народе: “Скот свой жертвую во имя души, душу жертвую во имя чести”; это были люди, которые особенно ценили свободу личности и духа. Безусловно, в будущем будет создано немало исследовательских материалов о наших старших товарищах, сложивших первые кирпичики благородного очага новой законности.

На крутых перевалах истории немало событий, оставивших неизгладимый след в сердце народа, хранимых в его памяти. Одна из таких заметных страниц для казахского народа — это декабрьские события 1986 года. В те морозные зимние дни впервые открыто





зорлықшыл жүйе алаңға шыққан жастардың әділ сөзін, заңды талабын естімеді, естігісі де келмеді. Талай адамның тағдыры тәлкекке түсті, жүздеген жандар жазықсыз жазаланды. Ол аз болғандай, бүкіл ұлтқа “ұлтшылдық” таңбасы басылды. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына байланысты жарияланған ҚазТАГ-тың мына қысқа ақпаратына құлақ түрелікші: “... Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасы, Жоғарғы Соттың мүшесі Е.Л. Грабарниктің төрағалық етуімен істі ашық мәжілісте қарап, Рысқұлбековты ең ауыр жаза — ату жазасына, Тәшенов пен Тайжұмаевты — 15 жылға, Күзембаевты — 14 жылға, Көпесбаевты — 4 жылға бас бостандығынан айыруға үкім шығарды.” Жалпы саны 99 адам сотталды, жүздеген студент оқу орындарынан, комсомолдан шығарылды, жұмыстарынан қуылды.

Мен бұл жерде сол кездегі сот жүйесінің заңға қайшы іс-әрекеттеріне баға беріп жатпаймын. Уақыт оған өзінің әділ бағасын берді. Тоталитаризмнің нақақтан-нақақ құрбандары болып кеткендер түгел ақталды.

Содан бері біршама уақыт өтті. Еліміз тәуелсіз болды. Өз билігіміз өз қолымызға тиді. Өз байлығымызға өзіміз ие болдық. Тіліміз, дініміз, салт-сана, әдет-ғұрыптарымыз қайта оралды. Дербес мемлекет құру — ата-бабаларымыздың сан ғасырдан бері аңсап келе жатқан арманы еді. Шүкір, қазір оған жеттік.

Бірақ Кенес өкіметі жылдарындағы соттардың жұмыс тәжірибесі тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары да өзінің инерциялық сипатынан арыла алмады. Бізге мұра болып қалған ескі сот жүйесі соттардың құқық қорғау жөніндегі міндетін ойдағыдай жүзеге асыруға көмектесе алған жоқ. Олар кәсіпкерлік бастаманың қол-аяғын тұсады, сөйтіп меншік қатынастарыны дамуына кедергі келтірді. Сот қызметінің өркениетті

азвучал голос справедливости, заглушаемый на протяжении долгого времени; снова было высоко поднято едва не упавшее знамя национальной чести. Но властная силовая система не услышала справедливого слова и законных требований вышедшей на площадь молодежи, да и просто не захотела слышать. Судьбы множества людей стали игрушкой в руках бездушной тоталитарной машины, сотни без вины виноватых понесли незаслуженное наказание. Мало этого, целому народу прилепили клеймо “национализма”. Прислушайтесь к этой краткой информации, распространенной КазТАГом в связи с декабрьскими событиями 1986 года: “Коллегия Верховного Суда Казахской ССР под председательством члена Верховного Суда Е. Л. Грабарника, рассмотрев на открытом судебном заседании дело по обвинению... приговорила Рысқұлбекова — к высшей мере наказания, расстрелу; Ташенова и Тайжұмаева — к 15 годам, Кузембаева — к 14 годам, Көпесбаева — к 4 годам лишения свободы”. Общее число осужденных — 99 человек; сотни студентов были исключены из учебных заведений и комсомола, выгнаны с работы.

Я не пытаюсь дать оценку противозаконным действиям судебной системы того времени. Оно само справедливо оценило их. Безвинно оклеветанные жертвы тоталитаризма ныне полностью реабилитированы.

С тех пор прошло не так уж много лет. Наше государство обрело независимость. Собственная власть теперь в наших собственных руках. Мы сами стали хозяевами собственного богатства. Возвратились на круги своя наш язык, наша вера, традиционное сознание, наши обычаи и привычки. Строительство самостоятельного государства — мечта, осуществления которой на протяжении многих веков жаждали наши деды и прадеды. Слава всевышнему, мы достигли ее.

Однако в первые годы независимости мы не сразу смогли избавиться от инерции опыта судопроизводства, действовавшего в период Советской власти. Доставшаяся нам в наследство старая судебная система тормозила реаль-





жүйесі мен шын мәніндегі тәуелсіз судьялардың болмауы заңдардың орындалмауына әкеп соғып отырды.

Мұның бәрі сот жүйесін батыл реформалау қажеттілігіне алып келді. Бұл біздің жаңа Конституциямызда көзделген болатын. Шын мәнінде тәуелсіз шешім қабылдауда барынша объективті, шенеуніктердің үстемдігінен азат, жемқорлықтан бойын аулақ ұстайтын сот құру үшін бірқатар пәрменді шаралар қабылданды. Конституцияға сәйкес жалпы және төрелік соттар жүйелері біріктірілді, соттар мен судьялардың әділетті үкім шығаруға құқықтық кепілдіктерін нығайтқан Қазақстан Республикасы Президентінің “Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы” Конституциялық заң күші бар Жарлығы қабылданды.

Республика Президентінің бұл Жарлығы еліміздегі сот жүйесін реформалау мәселесіндегі көп жылғы пікір-таластың қорытындысы іспетті. Республиканың сот корпусы бұл актіні зор түсіністікпен қабыл алды. Сөз жоқ, Президенттің бұл пәрмені сот жүйесін реформалаудағы үлкен қадам болды. Соттардың заң жүзінде осындай мәртебеге ие болуы олардың абыройын асырды, жұмыс тиімділігін арттырды. Конституцияда баянды етілген судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету және сот қауымдастығының міндеттерін жүзеге асыру мақсатында судьялардың республикалық қоғамдық бірлестігі құрылды. 1996 жылғы желтоқсанның 19-ында өткен судьялардың республикалық бірінші съезі Республика Судьялар одағын құрды. Жетекші орган — Судьялар одағының орталық кеңесін сайлады.

Құқықтық сот орындары заңды жүзеге асыру кезінде судьялардың Конституцияда баянды етілген тәуелсіздігін қамтамасыз етуге сенімді кепілдіктер алды. Бұдан былайғы жерде судьялардың қызметіне араласуға жол берілмейді, олардың ісіне қол сұғылмайды

ное осуществление функций судов по защите права. Так, она по рукам и ногам связывала предпринимательскую инициативу, становилась преградой в развитии отношений собственности. Отсутствие развитой системы и независимых в полном смысле этого слова судей в конце концов привело к неисполнению законов.

А это, в свою очередь, подвело к необходимости смелого реформирования всей судебной системы, которое стало целью нашей новой Конституции. По сути, был принят ряд решительных мер для создания независимого, всесторонне объективного, бескорыстного и свободного от давления властей суда. В соответствии с Конституцией, системы Верховного и общих судов были слиты, а в целях обеспечения правовых гарантий вынесения судами и судьями справедливого приговора был принят Указ Президента Республики Казахстан, имеющий силу Закона, “О судах и статусе судей в Республике Казахстан”, где данные гарантии закреплены законодательно.

Названный Указ Президента стал заключительным словом в многолетней дискуссии по вопросу реформирования судебной системы в нашем государстве. Судейский корпус республики воспринял этот акт с большим пониманием. Нет слов, решительные действия Президента были крупным шагом в преобразовании всей судебной системы. Повысился авторитет судов, приобрели особый статус, возросла эффективность их работы. В целях изложенных в Конституции задач по обеспечению независимости судей, а также для претворения в жизнь возложенных на судебное сообщество целей было учреждено республиканское общественное объединение судей. Прошедший 19 декабря 1996 года первый республиканский съезд судей организовал Союз судей Республики Казахстан. Был избран его исполнительный орган — Центральный совет Союза судей.

Реализация закона о правовом статусе суда своевременно обеспечила надежные гарантии объявленной в Конституции независимости





және нақты істер жөнінде ешкімнің алдында есеп бермейді. Тек Конституция мен Заңға бағынады. Дегенмен, жоғарыда айтып кеткеніміздей, сот жүйесін жетілдіре түсуге, оның тиімділігін арттыруға түбегейлі реформа жүргізудің уақыты пісіп-жетілді.

Әділетті де бұлтартпас сот үкімдерін шығаруға Конституцияда қарастырылған сот корпусын қалыптастыру тетігі де жасалды. Мұндағы жетекші рольдің мемлекет басшысы — Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа тиесілі болып отырғанын айтып өтпекпіз. Жоғары Сот Кеңесі қазірдің өзінде қалыптасып, жұмыс істеп жатыр.

Сот-құқықтық реформасын одан әрі терендету мәселесінде бұдан басқа да пікірлер аз емес және оның біразы биылғы жылдың екінші жартысында заң түрінде бекиді де.

Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар “Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы” 1995 жылғы желтоқсандағы Жарлығы уақыт сынынан өтті. Енді сот жүйесіндегі артық-кем жатқан тұстарымызға байыптылықпен талдау жасап, сот-құқықтық жүйесін реформалаудың кезекті кезеңі туралы ой қорытуға мүмкіндігіміз бар. Осы тұрасында Республика Конституциялық Кеңесінің мүшесі Серік Темірболатовтың баспасөз бетінде айтқан мына пікірі көкейге қонады: сот қызметін ұйымдық, кадрлық және қаржылық жағынан қамтамасыз ету мәселесін өз алдына республикалық деңгейдегі органға беру керек. Білікті заңгер ондай органды Жоғарғы Сот жанынан құруды ұсынады.

Әрине, бұл халықаралық құқықтық нормалардың да, халықаралық практиканың да, Республика Конституциясының да, сондай-ақ бүгінгі күннің де талаптарына сай келеді. республикада жүргізіліп жатқан сот-құқықтық реформа барысында мұның бәрі

судей. С этого времени повсеместно не допускается любое вмешательство в работу судей, никто не лезет в их дела, а сами они никому неподотчетны. Подчиняются лишь Конституции и Закону. Словом, как мы уже говорили выше, назрела необходимость совершенствования судебной системы, повышения ее эффективности и проведения коренной реформы.

Разработан и механизм формирования судейского корпуса, предусмотренного в Конституции для вынесения справедливых, заслуженных приговоров. Не можем не отметить особую роль, которую сыграл здесь глава государства Нурсултан Абишевич Назарбаев. Высший Судебный Совет и поныне продолжает укреплять свои позиции.

Существует немало других мнений по вопросу дальнейшего углубления судебно-правовой реформы, часть из них будет утверждена во второй половине текущего года законодательно.

Декабрьский, 1995 года, Указ Президента Республики Казахстан, имеющий силу Конституционного Закона, “О судах и статусе судей в Республике Казахстан” прошел проверку временем. Теперь у нас появилась возможность как следует проанализировать излишние либо недостаточно развитые ответвления судебной системы, обдумать очередной этап ее реформирования. В этом отношении запомнилось высказанное в прессе мнение члена Конституционного Совета республики Серика Темирболатова: вопросы обеспечения работы судов с организационной, кадровой и финансовой сторон следует передать в орган республиканского подчинения. Известный правовед предлагает, чтобы такой орган был учрежден со стороны Верховного Суда.

Конечно, это соответствует и международным правовым нормам, и международной практике, и Конституции республики, а также и задачам сегодняшнего дня. К тому же является важнейшим аспектом проводящейся в республике судебно-правовой реформы. Кроме того, не предусмотрено выделение





ең көкейкесті мәселелер болып табылады. Оның үстіне соттар қызметін ұйымдастыру міндетін Жоғарғы Соттың құзырына беру мемлекеттік бюджеттен қосымша қаржыны талап етпейді. Өйткені бұл реформалауды Әділет министрлігінің соттар қызметін ұйымдастыру, соттық сараптау және атқарушы өндіріс департаментін, оны жергілікті жерлердегі бөлімдерінің штаттық санын қысқарту есебінен жүргізуге болады.

Бірақ жергілікті соттарға сот төрелігін іске асыруға ықпал жасау департаментін (әкімшілігін) Жоғарғы Сот жанынан құру, тек Конституцияға өзгеріс енгізу арқылы ғана мүмкін. Бұл — болашақтың ісі. Сондықтан аталған департаментті Әділет министрлігі жанынан ерекше құрып, ол департамент бастығын Республика Президентінің келісімімен Үкімет тағайындап, ол департаментті қаржыландыру (жергілікті соттармен қоса) республикалық бюджетте ерекше белгіленетін болса, сот тәуелсіздігін одан әрі бекіте түсудегі тағы да бір үлкен қадам болар еді.

Өтпелі кезеңнің қандай да болсын қиыншылықтарын басымыздан кешіре тұрсақ та, халқымыздың, қоғамымыздың, саяси күштеріміздің бойынан жас мемлекетімізді нығайтуға, экономикамызды реформалауға, құқықтық демократиялық қоғам орнатуға деген ерік-жігердің, ақыл-парасаттың мол екендігі сөзсіз. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың 2030 жылға дейінгі Қазақстанның даму стратегиясы турасында Қазақстан халқына Жолдауында атап көрсетілгеніндей: “Аса ауыр жағдайларда жинақталған мемлекеттілік құру, саяси және экономикалық реформалар жүргізу тәжірибесі, әлем және оның дамуы туралы білім-білігіміз, қазақстандықтардың төзімділігі мен түсінушілігі бізге қосымша күш-қуат пен сенімділік үстейді”.

Жуырда Жоғарғы Сот ғимараты жанынан

дополнительных средств из государственного бюджета в адрес Верховного Суда, на который возложена обязанность организации работы судов, поскольку реформирование проводится за счет сокращения штатов департамента по организации работы судов, судебной экспертизе и исполнительного производства Министерства юстиции и его местных территориальных отделений.

Однако создание Верховным Судом департамента (администрации), влияющего на управление правосудия в территориальных судах, возможно лишь посредством внесения соответствующих изменений в Конституцию. Это — работа на будущее. Если бы названный департамент был выделен из состава Министерства юстиции, его руководитель назначен Правительством после согласования с Президентом республики, а финансирование департамента (вместе с территориальными судами) особой строкой включено в республиканский бюджет, это был бы еще один крупный шаг на пути дальнейшего утверждения независимости суда.

Какие бы трудности не испытывали мы в переходный период, у нашего народа, у нашего общества, у политических сил, безусловно, хватит воли и настойчивости, разума и мудрости для укрепления молодой государственности, реформирования экономики, строительства правового демократического общества. Как точно отметил в Обращении к казахскому народу о Стратегии развития Казахстана до 2030 года Президент Нурсұлтан Назарбаев: “Накопленный в тяжелейших ситуациях опыт государственного строительства, проведения политических и экономических реформ, наши знания о мире и его развитии, терпимость и понимание казахстанцев вселяют в нас дополнительные силы и уверенность”.

Недавно возле здания Верховного Суда поднялся памятник трем великим биям. В том, что этот монумент взметнулся именно перед зданием Верховного Суда, а не в другом месте, есть своя символика.





үш Ұлы бидің ескерткіші бой көтерді. Ол ескерткіштің басқа жерде емес, Сот үйі жанынан орын тебуінде де белгілі бір символикалық үйлесімділік бар.

Біз өткенді таразылап, сабақ ала алмасақ, болашағымызды да бағдарлай алмаймыз. Жоғарыда айтып кеткенімдей, тарихымызда еліміздің абыройын асырып, көсегесін көгерткен талай хандар мен елді аузына қаратқан сұңғыла билер өткен. Дала заңдарының жиынтығы — сол бабаларымыздан қалған баға жетпес мұра. Сондай даналардың ішінде дәуірдің үш кемеңгері деп танылған Әлібекұлы Төле бидің, Келдібекұлы Қазыбек бидің, Байбекұлы Әйтеке бидің орны бөлек. Барша қазақ баласы аттарын ардақтап, айтқандарын жаттаған, саналарына тоқыған осы үш бабамыздың ел алдындағы еңбегіне, халық қамын жеген қасиетті ісіне сөз жеткізіп, баға беру қиын. Халық болып сақталғанымыз, егемен ел атанып, тәуелсіздік туын тігіп отырғанымыз, ата-баба жерінде басымыз аман, бауырымыз бүтін жүріп жатқанымыз үшін бүгінгі ұрпақ осы аталарымыздың аруағы алдында бастарын иеді. Ұлы аталарымыз алдына халықтың бірлігін басты мұрат еткен болса, бүгінгі басты мақсат та — сол.

Өзіміз күнде көріп жүрміз: ескерткіш алды гүл шоқтарынан босамайды. Алыстан Астанаға ат басын тірегендер де ұлы бабаларымызға міндетті түрде тағзым етіп кетеді. Жаңа қосылған жас жұбайлар да, мектеп бітірушілер де осында келіп, бастарын иеді. Өйткені, Жоғарғы Сот ғимаратының іргесіндегі Ұлы үш биге орнатылған ескерткіш-монумент сол береке басы — бірлігіміздің, татулығымыздың символы. Бірлікті, татулықты көксемейтін жан жоқ. Тарихта іздері сайрап жатқан ұлы хандарымыз бен билеріміздің арман-мүддесі, сот билігінде жүрген біздердің де мақсатымыз — зайырлы қоғам, бірлігі жарасқан елдің іргесін бекіте түсу.

Мы не сможем прогнозировать свое будущее, если не взвесим прошлое, не извлечем из него урок. Как я уже говорил выше, в нашей истории было немало ханов, приумноживших авторитет народа и способствовавших его процветанию; немало мудрых биев, к словам которых прислушивались все — от мала до велика. Свод степных законов — неоценимое наследие, доставшееся нам от прадедов. Среди выдающихся мыслителей особое место занимают три признанных гения своей эпохи — Толе-би Алибекулы, Казыбек-би Кельдыбекулы и Айтеке-би Байбекулы. Трудно оценить, передать словами их труд и заслуги перед народом; их имена известны любому казаху, их слова знают наизусть, их идеи впитаны благодарными потомками. Сегодняшнее поколение склоняет головы перед духами предков за то, что мы сохранились как единый народ, за то, что провозгласили свой суверенитет и подняли знамя независимости, за то, что вместе со своими братьями мы живем в здравии и согласии на земле своих прадедов. Если самая главная цель, которую они ставили перед народом, — его сплоченность, то и ныне важнейшая задача — та же.

Мы ежедневные свидетели того, что основание памятника всегда утопает в цветах. Приезжающие в Астану издалека обычно приходят поклониться великим предкам. Спешат сюда и молодожены, и выпускники школ. Потому что воздвигнутый перед зданием Верховного Суда памятник-монумент трем великим биям — это символ нашего единства и дружбы. Нет ни одной души, которая не мечтала бы о дружбе и сплоченности. Открытое общество, основанное на прочном единстве народа, — это мечты и чаяния великих наших ханов и биев, оставивших красноречивый след в истории; это и общая цель всех тех, кто осуществляет судебную власть в нашем государстве.

















